Әділет

# Бауыржан Момышұлының туғанына 90 жыл толуын мерекелеу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2000 жылғы 10 қазан N 1515

Халық батыры Бауыржан Момышұлының туғанына 90 жыл толуын мерекелеу мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған Бауыржан Момышұлының туғанына 90 жыл толуын мерекелеу жөніндегі іс-шаралардың жоспары (бұдан әрі - Жоспар) бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігі, Қорғаныс министрлігі, Көлік және коммуникациялар министрлігі, Білім және ғылым министрлігі, Қазақстан Республикасының Туризм және спорт жөніндегі агенттігі, Жамбыл облысының, Астана және Алматы қалаларының әкімдері іс-шаралардың Жоспарға сәйкес уақытылы орындалуын қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2000 жылғы 10 қазандағы
N 1515 қаулысымен бекітілген

Бауыржан Момышұлының туғанына 90 жыл толуын
мерекелеу жөніндегі іс-шаралар
Жоспары

| N | Іс-шаралар | Орындалу мерзімі | Орындалуына жауаптылар |
|---|---|---|---|
| 1 | Алматы қаласындағы Орталық офицерлер үйінде "Б.Момышұлының шығарма. шылық мұралары" атты ғылыми-практикалық | 20-24 желтоқсан | Алматы қаласының әкімі, Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігі, Қорғаныс министрлігі, Білім және ғылым министрлігі |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | конференция өткізуді ұйымдастыру | | |
| 2 | Б.Момышұлы атындағы көше мен ескерткішін, халық батырының есімімен байланысты басқа да тарихи объектілерді жаңғырту жұмыстарын ұйымдастыру | қазан | Жамбыл облысының, Астана және Алматы қалаларының әкімдері, Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігі |
| 3 | Б.Момышұлының әдеби мұраларын шығару | жыл бойы | Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігі |
| 4 | Б.Момышұлының туғанына 90 жыл толуына арналған мәдени-тамашалау іс-шара. ларын, шығармашылық кез. десулер, ғылыми-практикалық конференциялар мен семинарлар өткізуді ұйымдастыру | қараша | Жамбыл облысының, Астана және Алматы қалаларының әкімдері, Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі, Білім және ғылым министрлігі |
| 5 | Астана қаласындағы Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мұражайында Б.Момышұлына арналған экспозицияны ресімдеуді ұйымдастыру | қазан | Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігі |
| 6 | Барлық республикалық, облыстық кітапханаларда және білім ұйымдарының кітапханаларында Б.Момышұлының 90 жылдығына арналған кітап-түрлі-түсті сурет көрмелерін ұйымдастыру | қазан | Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігі, Білім және ғылым министрлігі |

| | | | |
|---|---|---|---|
| 7 | Б.Момышұлының 90 жылдығына арналған жұртшылықтың сал. танатты кештерін және Қазақстан Республикасы өнер шеберлерінің концерттерін өткізуді ұйымдастыру | қараша-желтоқсан | Жамбыл облысының, Алматы қаласы. ның әкімдері |
| 8 | "Бауыржан оқуларын", балалар мен жастардың шығармашылық жұмыстары конкурсын, әскери және еңбек даңқы орындары бойынша жорықтар, республи. каның әскери басшыларымен, соғыс, еңбек ардагерлерімен, республиканың және облыстың басқа да белгілі адамдарымен кездесулер өткізу | желтоқсан | Жамбыл облысының, Астана және Алматы қалаларының әкімдері, Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі, Қорғаныс министрлігі |
| 9 | Б.Момышұлының бейнесі салын. ған открыткалар, плакаттар, пошта маркалары өнімдерін шығаруды ұйымдастыру | қазан-желтоқсан | Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігі, Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі |
| 10 | Б.Момышұлы атындағы жүлде үшін оқушылар мен студент-жастардың ұлттық спорт түрлері бойынша жарыстарын өткізуді ұйымдастыру | қазан | Жамбыл облысының, Алматы қаласының әкімдері, Қазақстан Республикасының Туризм және спорт жөніндегі агенттігі, Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі |
| 11 | Балалар мен жастарды әскери-патриоттық рухта тәрбиелеу жөніндегі тақырыпқа, үздік очеркке конкурс ұйымдастыру | қазан | Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігі, Білім және ғылым министрлігі |
| 12 | Б.Момышұлының 90 жыл. | желтоқсан | Қазақстан Республикасының |

| | |
|---|---|
| дығына арналған іс-шара. лаларды бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауды ұйымдастыру | Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігі |

---

Оқығандар:

Багарова Ж.А.
Икебаева А.Ж.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК